

Педагогикалық кеңес

ХАТТАМА № 9

« 24 » мамыр 2024 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 29

Шығын орталық тәрбиешісі -1

Кітапханашы-2

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы: білім сапасы мен оқушылардың үлгерімі

2. 9 сынып оқушыларының кәсіби бағдарын анықтау,салыстырмалы талдау.

3. 2024 оқу жылының аяқталуы туралы:1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру,

5-11 сынып оқушылары аралық емтиханға жіберу.

4. Қорытынды қойырау . Оқушыларды марапаттау.

5. 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттесттауға шығару.

6. «Жазғы мектептің» жұмыс жоснары.Жазғы демалысты ұйымдастыру.

**Бірінші сұрақ бойынша 2023-2024 оқу жылының білім сапа,үлгерімінің қорытындысы туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:**

Мектеп бойынша барлығы 101 оқушы.(дайындық білім-9,бастауыш білім беру-36,негізгі орта білім беру-45,жалпы орта білім беру-11). Оның 85 оқушысы қорытылады. (2-11 сынып оқушылары).Төртінші тоқсанның жылдық қорытындысы әр сынып бойынша білім сапасы:

Төртінші тоқсан:

Үздік оқушылар	Жақсы оқитын оқушылар	Білім сапасы	үлгерімі	өсу,динамикасы
10	43	62%	100%	2 көтерілді

Жылдық қорытындысы:

Үздік оқушылар	Жақсы оқитын оқушылар	Білім сапасы	үлгерімі	өсу динамикасы
10	42	64%	100%	2 көтерілді

Презентация көрсетілді әр сынып бойынша,ақпарат берілді.

Әр сыныптың білім сапасы бойынша сынып жетекшілер ақпарат берді.

Мектептің білім сапасы-63,5%. (өсу динамикасы -2 көтерілді)

Төмен білім сапа көрсеткен сынып ,сынып жетекшілер:

Сынып	Білім сапасы	Сынып жетекшісі	Ескертпе
6 «Б»	40%	Набиева Д.К	орташа
7 «А»	28,5%	Райымбек С.Р	төмен
7 «Б»	40%	Шоқубасова А.М	орташа
9 «Б»	25%	Шоқубасова А.М	төмен

Аталған сыныптардың білім сапасы бір қалыпты өзгеріссіз.

Алай айтаақ:

6 «Б» сыныпта (оқыту тілі орысша)-5 оқушы.Сынып жетекшісі Набиева Д.К.

Сыныпта үздік оқитын оқушы жоқ.Екі оқушы жақсы оқиды.

Мұғалімі Ангелина – есте сақтау қабілеті нашар,үш деген бағалары өте көп.

Жанқабасов Нұрсұлтан-математика пәніне талпынысы бар,гуманитарлық пәндерде білімі нашар.

Левкович Анастасия-математикадан білімі нашар.Есеп шығару қабілеті төмен.

Мұғалімдер қосымша жұмыстар жүргізеді,нәтиже жоқ.

7 «А» сыныпта (оқыту тілі қазақша)-7 оқушы.Сынып жетекшісі Райымбек С.Р.,

Сыныпта үздік оқитын оқушы жоқ.Екі оқушы жақсы оқиды.

Сыңдықұова Дильназ – үш деген бағалары өте көп.

Набиев Лидар-математика пәніне талпынысы орташа.

Көкенов Диас-математикадан білімі нашар.Есеп шығару қабілеті төмен.

Көкенова Дильназ-көп дайындық қажет.

Искаков Әліби-көп дайындық қажет.

Мұғалімдер қосымша жұмыстар жүргізеді, нәтижесі болмай тұр.

7 «б» сыныпта (оқыту тілі орысша)-5 оқушы. Сынып жетекшісі Шокубасова А.М.

Сыныпта үздік окитын оқушы жоқ. Екі оқушы жақсы оқиды.

Жидельдинова Ясмин – математикаға пәніне, есеп шығару қабілеті жоқ.

Балтабаев Ильдар-математика пәніне талпыныс жоқ. Білімі нашар.

Мұғалімдер қосымша жұмыстар жүргізеді, нәтиже жоқ

9 «б» сыныпта (оқыту тілі орысша)-4 оқушы. Сынып жетекшісі Шокубасова А.М

Сыныпта үздік окитын оқушы жоқ. Бір оқушы жақсы оқиды. Ол Асанов Асан.

Бұрғалин Ален – есте сақтау қабілеті нашар, үш деген бағалары өте көп.

Қарғалиев Багдан-математика пәніне талпыныс жоқ, гуманитарлық пәндерде білімі нашар.

Алехина Лиана-математикадан білімі нашар. Көп ауырады.

Мұғалімдер қосымша жұмыстар жүргізеді. Бірқалыпты жағдай.

**Тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:** 9 сынып оқушыларының кәсіби бағдары анықтау жұмыстар жүргізілді. (қосымша ақпаратты сынып жетекшілер берді)

**Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксентова тыңдалды:**

2023-2024 оқу жылының аяқталуы туралы: 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру,

5-8,10 сынып оқушылары аралық емтиханға жіберу туралы.

А) 1-4 сынып оқушылары келесі сыныпқа көшіру:

1 «а» сынып-7 оқушы, 2 «а» сынып- 5 оқушы, 2 «б» сынып-3 оқушы, 3 «а» сынып-6 оқушы

3 «б» сынып- 7 оқушы, 4 «а» сынып-2 оқушы, 4 «б» сынып-6 оқушы.

Ә) 5-8,10 сынып оқушыларын аралық емтиханға жіберу:

5 «а» сынып-4 оқушы, 6 «а» сынып- 3 оқушы, 6 «б» сынып-5 оқушы, 7 «а» сынып-7 оқушы

7 «б» сынып-5 оқушы, 8 «а» сынып-8 оқушы.

**Төртінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:** Соңғы

жылдағы туралы айтылды. Барлық сыныпта «Білімім Отаным» деген сынып сағатын өтеді.

Сынып сағатының мақсаты: оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру; жас ұрпақтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүние-танымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту; логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру. Мемлекеттік тілімізді сүйсе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.

-2023-2024 оқу жылындағы оқу үздіктері, оқу екіпінділерін мақтау қағазымен марапаттау.

-2023-2024 оқу жылында қоғамдық жұмыстарға, сыныптан тыс іс-шараларға, оқу-тәрбие жұмысы бойынша іс-шараларға белсене қатысқан жетістіктері үшін мына оқушыларды марапаттау, ата-аналарына алғыс білдіру.

Мектептің тәрбие жұмысы бойынша сынып жетекшілермен сынып оқушылары марапаттау.

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Жетістіктері
1	Асанов Камиль	6б	Республиканлық «Мың бала» конкурсының жеңімпазы Алтың сақа- математикалық олимпиада –II орын Аудандық үстел теннисі - II орын
2	Айтжан Даниял	8а	Аудандық үстел теннисі-I орын Аудандық үстел теннисі-III орын Облыстық Чемпионаты үстел теннисі -III орын
3	Қудайберген Әдия	8а	«Айғанат» Республикалық конкурсының жеңімпазы Информатика пәнінен аудандық олимпиада-I орын Аудандық волейбол жарысынан-I орын Дебаты-III орын, География пәнінен аудандық олимпиада-III орын, Тоғыз құмалақ ( аудандық)-I орын
4	Сағимбаева Фатима	8а	Қазақ тілі пәнінен аудандық олимпиада-III орын Аудандық волейбол жарысы-II орын Аудандық үстел теннисі-I орын



№	Аты	Сынып	Қызығарлы іс-шаралары
			Облыстық Чемпионаты үстел теннисі-ІІ место
5	Асанов Асан	9б	Жазғы көпсайыс –І орын,Тоғыз құмалақ-І орын Жеңіл атлетика І орын
6	Аугалиева Асем	10а	Республикалық олимпиада Ауыл мектебі ІІ орын Аудандық пәндік олимпиада-І орын Жазғы көпсайыс –І орын,Көш көсемі 2023-ІІ орын
7	Сергазин Ален	9б	Облыстық футбол жарысы –ІІ орын Аудандық үстел теннисі-ІІ орын Жеңіл атлетика І орын
8	Бахатбек Жаперке	10а	Аудандық пәндік олимпиада-ІІІ орын Жас Ұлан-І орын,Жұлдызды сәт-ІІІ орын Жеңіл Атлетика І орын
9	Молдагайсин Альмансур	10а	Жазғы көпсайыс –І орын, Жас Ұлан-І орын Облыстық футбол жарысы –ІІ орын Тоғыз құмалақ-І орын,Ұлттық мектеп лигасы-ІІІ орын Жеңіл атлетика І орын
10	Балгабаева Сабина	11б	Аудандық волейбол жарысы-І орын Аудандық үстел теннисі-ІІ орын Тоғыз құмалақ-І орын
11	Левкович Артем	11б	Жазғы көпсайыс –І орын,Аудандық «Асық ату» –І орын Жеңіл атлетика І орын
12	Мәжит Гүлназ	11б	Жазғы көпсайыс –І орын,Жас Ұлан-І орын Аудандық волейбол жарысы-І орын Тоғыз құмалақ-І орын,Жеңіл атлетика І орын
13	Куанышбеков Дамир	10а	Жас Ұлан-І орын,Аудандық «Асық ату» –І орын
14	Бакболат Гаухар	10а	Аудандық пәндік олимпиада-І орын Аудандық «Менің шағын Отаным»-ІІ орын
15	Туребаева Гүлназ	4а	Аудандық үстел теннисі-ІІІ орын Облыстық үстел теннисі-ІІІ орын

**Бесінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды:** 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттесттауға жіберу туралы мына оқушылар:

9 «а» сыныпта -9 оқушы, 9 «б» сыныпта -4 оқушы. 11 «б» сыныпта-4 оқушы.

Қорытынды емтиханнан босатылған оқушылар жоқ.

Емтиханның орындаушылары С.Абдрахманова емтихан кестесімен және ассистенттерді айтып өтті.

**Алтыншы сұрақ бойынша оқу ісінің орындаушылары С.Абдрахманова тыңдалды:**«Жазғы мектеп» ұйымдастырылады. Жазғы мектеп 2024 жылғы 27 мамыр мен 31 мамыр аралығында және ағымдағы жылғы 26-30 тамыз аралығында жұмыс істейтін болады. Жазғы мектепте сабаққа қатысу өтініштер негізінде ата-аналармен / заңды өкілдермен келісу кезінде бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің негізгі пәндері бойынша 1-8, 10 сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады.Жазғы мектептің жұмыс жоспары туралы айтылды.

-Бастауыш сыныптарда сабақтар 30 минуттан, 5-10 сыныптарда 40 минутқа дейін өткізіледі. Күніне 5 сабақтан артық емес.

-Сабақ кестесі оқу пәндері бойынша, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін ескеріле отырып жасалады.

- Педагогтер менгеруге күрделі деңгейде ұсынылған тақырыптарды, бөлімдерді, бөлімшелер мен оқу мақсаттарына ескере отырып күнтізбелік-тақырыптық жоспарын құрады.

- Жұмыстың түрлері мен әдістерін, оқыту технологияларын педагогтер білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дербес айқындайды.

- Жазғы мектепте білім алушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды.

- Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді.

- Жазғы мектепте мектеп кітапханасына, цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

- Білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында қосымша қызықты материалдарды, тест тапсырмаларын, шығармашылық сипаттағы дидактикалық материалдарды, аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар), презентацияларды, сараланған оқу тапсырмаларын пайдалану ұсынылады.

- Жазғы мектептің оқу процесінде үлгерімі төмен білімалушылардың қызығушылығына қолдау көрсету ұсынылады. Қажеттілігіне қарай жеке сараланған тапсырмаларды әзірлеу қажет.

Сабақ өткізу кезінде педагог:

- балалардың эмоционалдық көңіл-күйіне назар аудару және оқуға қолдау көрсету;

- сабақта білімалушылардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермеу;

- 2 сабақтан кейін дене жағтынуын өткізу ұсынылады.

- Білімалушылардың сабаққа еркін формада қатысуына жол беріледі.

Жазғы мектепті өткізу кезеңінде 1-4, 5-8, 10 сыныптардағы пәндер бойынша сабақтар саны

Сыныптар	Қазақ тілінде оқытатын	Сағат саны	Орыс тілінде оқытатын	Сағат саны
1 сыныптарда:	Апа тілі Математика Жаратылыстану Дүниетану	5 5 3 2	Обучение грамоте Математика Естествознание Познание мира	5 5 3 2
		<b>15</b>		<b>15</b>
2-4 сыныптарда:	Қазақ тілі Әдебиеттік оқу Математика Жаратылыстану Дүниетану	5 5 5 3 2	Русский язык Литературное чтение Математика Естествознание Познание мира	5 5 5 3 2
		20		20
5-6 сыныптарда	Қазақ тілі Қазақ әдебиеті Шетел тілі Математика Жаратылыстану Қазақстан тарихы	5 5 3 5 3 4	Русский язык и литература Қазақ тілі мен әдебиеті Иностранний язык Математика Естествознание История Казахстана	5 3 3 5 3 4
		25		23
7-8 сыныптарда	Қазақ тілі Қазақ әдебиеті Алгебра Геометрия Физика Химия Биология Қазақстан тарихы	3 3 3 2 3 3 3 3	Русский язык и литература Алгебра Геометрия Физика Химия Биология История Казахстана	3 3 3 2 3 3 3
		23		23
10 сыныптарда	Алгебра және анализ бастамалары Геометрия Қазақ тілі Қазақ әдебиеті Физика Химия Биология	4 2 3 2 3 3	Алгебра и начала анализа Геометрия Русский язык и литература Физика Химия	4 2 4 3 3



	География	3	Биология	3
	Қазақстан тарихы	3	География	3
		3	История Казахстана	
		26		25

Тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:

- 1 сезон лагерь 03.06.-14.06
- 2 сезон лагерь 24.06-05.07
- 3 сезон лагерь 15.07-26.07
- 4 сезон «Балақай мектебі» тамыз айы.

Жауапты мұғалімдер бекілді. Кестесі құрылды.

Қосымша үйірме жұмыстары ұйымдастырылады. (қосымша ақпарат берілді)

**Ұсыныс:**

- Білімалушылардың білім сапасы мен үлгерімі жыл сайын арттыру.

**Шешім:**

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының білім сапасы, үлгерімі жақсы деп саналсын.

2. 9 сынып оқушыларының кәсіби бағдарын анықтап, бейіндік пәндері бойынша жұмыс жалғастырылсын.

3. 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшірілсін.

5-8, 10 сынып оқушылары аралық емтиханға жіберілсін.

4. Үлгерімі өте жақсы, жақсы оқушылар марапатталсын.

5. 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттесттауға жіберілсін.

6. «Жаңғы мектептің» жұмыс жоснары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Төрайымы  
Хатшы



А.Аксеитова  
Н.Молдағайсина